

3- апта. «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»				
Денсаулық Денешынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет	Таным	Шығармашылық	
		Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Жаратылыстану.Құрастыру	Сурет салу Музыка	
1. Дене шынықтыру «Заттар арасымен еңбектеу.Тактай бойымен жүру(далада)» Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тактай бойымен жүру.	Сөйлеуді дамыту «Дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстау» Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға, дыбыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Көп-біреу» Бір-бірден», «біреде біреуі жок» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту	Сурет салу «Пеш» (заттық с.с) Дайын тамақ пісіретін пештің суретін бояуға үйрету.	
2. Дене шынықтыру «Секіру».Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тактай бойымен жүру.2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру	Көркем әдебиет «Көшеден балалар қалай өтті?» (Н. Калинина .Қарлығаш о.э.к.) Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету.	Құрастыру «Көше» Ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауға үйрету	Музыка «Балдырған» Сөзі:Рауза Арқабаева Әні Айжігіт Асанов Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету	
3.Дене шынықтыру «Заттар арасымен еңбектеу.» Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.		Жаратылыстану «Үй жануарлары» Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың өздеріне тән ерекшеліктерімен: немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй жануарларына күтім жасауын бақылау жасау және мысықтың тырнап алуынан иттің тістеп алуынан сақтануды үйрету	Музыка «Қане қызық ойын бар»Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, ересектермен бірге ән салуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету	